

ӨОЖ 94(4/9)(574.54)

FTAXP 03.91.91

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2025.99(3).120

¹Азирбекова А.Ж.,* ²Абишева Ж.Р.

¹Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

²С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті, Астана, Қазақстан

*Корреспондент авторы: doktor.amanda@mail.ru

E-mail: doktor.amanda@mail.ru, zhanat_2511@mail.ru

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДАҒЫ АВСТРИЯЛЫҚ «УЛЬФЕЛЬД» КОММУНАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. Тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге отыз жылдан астам уақыт болғанымен әлі де Отандық тарихта ашылмаған ақтаңдақтар мен айтылмаған фактілер баршылық. Архив қорларындағы құжаттарды жарыққа шығару, оларға сын көзбен қарап, талдау жасау кәсіби тарихшылардың міндеті. Күні бүгінге дейін беймәлім болып келген Қызылорда қаласына жақын жерде орналасқан Сабалақ елді мекенінде құрылған Австриялық «Ульфельд» иммиграциялық коммунасы бұрын-соңды айтылмаған, жазылмаған фактілердің бірі болып табылады. «Ульфельд» иммиграциялық коммунасын құру мәселесі Москвада шешіліп, қызметі Қазақстанда жалғасты. І дүние жүзілік соғыс құрбандарының есебінен құрылған коммунаның Қызылордадағы қызметі небәрі бір жылға ғана болды. Осы бір жылдың ішінде коммуна суландыру жүйесін қалпына келтіріп, бидай, картоп, тары, бау-бақша дақылдарын егіп, құрылыс жұмыстарын жүргізді.

Мақалада Қызылорда қаласында құрылған Австриялық «Ульфельд» иммиграциялық коммунасының құрылу тарихы мен барысы қарастырылған. Коммунаның құрылуына қатысты деректер сараланып, екі жақты келісімнің шарттары мен қоныс аударушыларды орналастырудағы қиыншылықтар талданды. Авторлар коммунаның қызметі мен коммунаға кеңестік билік тарапынан жасалған жеңілдіктер мен артықшылықтарға тоқталып өтеді.

Кілт сөздер: Қызылорда; І дүние жүзілік соғыс; Австрия, келісімшарт; ауыл шаруашылығы; иммиграциялық коммуна; қоныс аудару; жер участогы; бау-бақша өнімі; жалға беру.

Kipicne.

Тарихты түгендеу туған өлкеден басталатынын ескерсек, Сыр өңірінің тарихы әлі де зерттеу мен зерделеуді қажет етеді. Сонау XVIII ғасырда Қамыс қала деген атпен кейіннен Ақмешіт – Перовск – Ақмешіт – Қызылорда атымен белгілі болған



өлкенің қойнауы небір тарих пен шежірелерге тұнып тұр.

Қызылорданың астаналық кезеңінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси-шаруашылық, мәдени-ағартушылық саласына қатысты бірқатар заңдар мен қаулылар қабылданып, мемлекеттік деңгейдегі іс-шаралар ұйымдастырылды. XX ғасырдың 20-жылдарының бас кезінде шаруашылық, саяси-ағартушылық, үгіт-насихат бағытындағы бірқатар қоғамдық ұйымдар мен коммуналар құрылып, өз қызметтерін жандандырды. Дәл осы уақытта республиканың тарихында тұңғыш рет шетелдік иммиграциялық коммуна құрылып, Қазақ АКСР-нің үкіметі тарапынан қолдау көрсетіліп, жалға жер үлесі берілді. Бір жыл ғана жұмыс жасап, өлкенің тарихында үлкен із қалдырған коммунаның қызметі кейіннен тоқтатылды.

Кеңестік биліктің алғашқы жылдарындағы елдегі саяси-шаруашылық үдерістерге талдау жасағанда шетелдік қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің қызметі назардан тыс қалған мәселелердің бірі болды. Себебі бір жағынан, 20-жылдардың орта кезінен бастап елдегі ішкі саяси жағдайдың ушығуы мен тұрақсыздығы болса, екінші жағынан тұрғындардың таптық ұстанымы мен әлеуметтік шығу тегін айқындау пролетариат диктатурасының басты ұстанымы еді. Сөйтіп саяси-идеологиялық саладағы іс-шаралардың нәтижесінде тапсыз мемлекет құрылып, большевиктік партия мен революцияға берілгендер ғана нағыз пролетариат бола алады деген түсінік орнықты.

XX ғ. 20-жылдары кеңес үкіметінің сыртқы саяси доктринасы айқындалып, әлемдік революцияның пайда болуы үшін алғышарттарды қалыптастыру шаралары қолға алынды. Дәл осы жылдары өнеркәсіпті, ауылшаруашылығын дамыту ЖЭС-тің (жаңа экономикалық саясат) принциптеріне негізделді. 1921 жылы Англия, кейіннен Германия Кеңестік Ресеймен сауда қатынасын қалпына келтіру туралы уақытша келісімге келді[1, 612 б.]. Одан кейінгі жылдары да бірқатар елдермен сауда-экономика, ауыл шаруашылығына қатысты байланыстар орнатылды. Ресейге шетелдік ірі кәсіпорындар мен сауда биржаларының өкілдері келіп, өзара ынтымақтастыққа қатысты бірлесе қызмет жасаудың іргетасы қаланды. Әсіресе қазақ жерінде, оның ішінде Сыр өңірінде ең алғашқылардың бірі болып құрылған Австриялық иммиграциялық коммунасы бұрын-соңды зерттелмеген тың тақырыптардың бірі болып отыр. «Ульфельд» коммунасы қызметінің барысын тарихи деректер негізінде талдап, ғылыми айналымға енгізу жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Материалдар және әдістер

Қазақстан тарихындағы XX ғасырдың 20-30 жылдары қайшылық пен ақтаңдақтарға толы кезең болып табылады. Кеңестік билік қазақ жерін сынақ алаңына айналдырып, сұрқия саясаттың салтанат құруының жарқын үлгісі ретінде қарастырды. Патшалық Ресейдің бұратана халықтарға қолданған саясатының заңды мұрагері болып табылған большевиктік жүйе кезінде орыс мұжықтарын қазақ жеріне қоныс аударған саясатының өнің аударып, достық көмек деген ұранды желеулетіп, Қазақстанда бірнеше шаруашылық ұйымдар мен коммуналар құрылды. Сыр өңірінде құрылған коммунаның қызметіне қатысты архив құжаттары объективтілік ұстаным негізінде шынайылық пен кешенді түрде қарастырылды. Мақаланы жазу барысында архив қорындағы деректермен жұмыс



жасалып, кешенді түрде талданды. Атап айтсақ, Қызылорда облыстық Мемлекеттік архивінің қорларынан австриялық иммиграциялық «Ульфельд» тобының КСРО-ға қоныс аударуы, «Ульфельд» коммунасына жер телімін беру туралы келісім шарт жасау мәселесі, Қызылорда қалалық кеңес президиумы мәжілісінің хаттамалары мен иммиграциялық «Ульфельд» коммунасының жарғысы мен мүшелері, коммунаның шекарасы мен жағдайына қатысты материалдар ең алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп, сараланды.

Ауыл шаруашылық коммунасына қатысты архив материалдарын талдау барысында тарихилық, жүйелеу, салыстырмалы талдау әдістері басшылыққа алынды.

Зерттеу нәтижелері

Ұлы державалардың дүние жүзін қайта бөлуге байланысты орын алған І дүниежүзілік соғыс - әлем тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі болды. Ресей соғыс басталмай тұрып-ақ құрылған әскери блоктың құрамында болды. Соғыс бірнеше айларға созылады деген мақсатпен стратегиялық жоспар жасалып, құрал-жабдықтар қоры дайындалды. Алайда Антанта мен Үштік Одақтың болжамы қателікке ұрындырып, соғыс бірнеше жылдарға созылды. Ресей де, оның қарсыластары Германия мен Австрия-Венгрия да аталмыш шиеленіске шыдай алмады. І дүниежүзілік соғыс ең көне еуропалық әулеттер – Романовтар, Гогенцоллер мен Габсбургтердің күйреуіне алып келді.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Батыс (Франция мен Бельгияда) және Шығыс (Ресейге қарсы) майдандары құрылды. Германия екі майдан даласында соғыс жүргізудің қиын екендігін түсініп, батыста Францияны тез арада жеңіп, содан кейін әскерді шығысқа, Ресейге қарсы бағыттауды көздеді. Дегенмен де соғыстың алғашқы күндерінен басталған орыс әскерлерінің белсенді қимылдары герман бас штабының жоспарын тас талқан етті. Соғыстың алғашқы жылында Ресей үшін ең маңыздысы Шығыс Пруссия, Польша, Галициядағы әскери қимылдар болды. Орыс әскерлері үлкен жетістіктерге жетіп, Германияға Шығыс Пруссиядан айырылып қалу қаупі туындап, ол әскерінің бір бөлігін Батыстан Шығыс майданына ауыстырды. Дүние жүзілік соғыстың тарихында әскери қимылдар біресе Антантаның ұпайына, біресе Үштік Одақтың ұпайына шешіліп отырды. 1916 жылдың мамыр айында генерал А.Брусиловтың әскері қарсы шабуылға шығып, австрия-венгрия әскерін талқандады[1, 521 б.]. Стратегиялық бастама Антантаның қолына өтті. І дүниежүзілік соғыстың барысында Ресей, Германия, Австрия-Венгрия империялары құлап, бірнеше мемлекеттер құрылды. Көптеген солдаттар тұтқынға түсіп, кеңестік билік орнағанға дейін олар Ресейдің бірқатар қалаларында лагерьлерде отырды.

1925 жылдың аяқ кезінде І дүниежүзілік соғыстың құрбандарының австриялық тобы Кеңес үкіметіне КСРО-ға қоныс аударуға және КСРО-ның территориясында ауыл шаруашылық коммунасын ұйымдастыруға рұқсат беруге қатысты өтініш жасады. 1925 жылдың 16-желтоқсанында иммиграция мен эмиграция бойынша Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің (Совет Труда и Обороны - СТО) тұрақты комиссиясы «Ульфельд» австриялық иммиграциялық тобын КСРО-ға қоныс аудару мәселесіне қатысты мәжіліс өткізді[2, 96-қ., 1-т., 2-іс., 3-п.]. Оның жұмысына Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің, Қазақ АКСР-нің және австриялық



«Ульфельд» тобының өкілдері қатысты. Мәжілістің барысында КСРО-ға «Ульфельд» иммиграциялық коммунасын көшіру және аталмыш коммунаның Қызылорда қалалық Жергілікті шаруашылық Бөлімімен жер телімін жалға алуға қатысты келісімін бекіту мәселесі қаралды. «Ульфельд» коммунасы КСРО-ға келгенде «көшіп келу және алғашқы кездегі шаруашылықтың орнығуы мақсатында коммунада 40.000 рубль қолма қол ақша болуы» міндетті шарт болып есептелді. Көрсетілген соммадан бөлек коммуна ауыл шаруашылық құралдарын сатып алу үшін 18.000 рубльді өзімен бірге алып келуге міндетті болды. Коммуна 40.000 рубльге 1926 жылдың наурыз айынан тамыз айына дейін коммунаның 200 мүшелеріне азық-түлікке - 16.700 рубль, Австриядан қоныс аудару орнына дейін - 8.000 рубль, мал сатып алуға - 8.600 рубль, моторлы соқалар үшін мұнай өнімдеріне – 4.000 рубль, тұрғын үйлер салуға – 6.650 рубль шығын жұмсайды деп күтілді. Сонымен қатар коммуна Австриядан жиналған түрде американдық типтегі барактарды алып келуге тиісті еді. Ескеретін жағдай, 1926 жылға егін егуге тұқым сатып алатын қаражат болмағандықтан коммуна жергілікті органдармен келісе отырып, ол тұқымдарды Қазақ АКСР үкіметінен тұқымдық несие ретінде алуды көздеді. Қазақ АКСР-нен келген өкіл Көшербаев Қазақстан үкіметі тарапынан ондай несиеге толық қолдау болатындығы айтылды. Алғашқы кезде Қызылордаға 200 адамнан тұратын коммуна мүшелерінің еңбекке жарамды ер азаматтары, кейіннен тұратын орын мәселесі шешілгеннен соң әйелдері мен балалары келуі тиісті болды. Шамамен келіп, орналасу мерзімі 1926 жылдың тамыз-қазан айлары болып шешілді[3, 96-қ., 1-т., 2-іс., 4-п.].

Қоныс аударушы Австриялық «Ульфельд» коммунасына жер телімін Қызылорда қаласының Сабалақ ауданынан беру жоспарланды. Осыған байланысты Қызылордада Ауыл шаруашылық комиссариатының (Наркомзем), су шаруашылығының, қалалық шаруашылық комитетінің және австриялық иммиграциялық коммунаның өкілдері қатысқан жиын болды /1, 2 п./. Аталмыш жиында 15 тармақтан тұратын, бір тараптан жергілікті шаруашылық комитеті (Местхоз), екінші тараптан арендатор қатысқан екі жақты келісімшарт жасалды. Келісімшарт негізінде жергілікті шаруашылық комитеті арендаторға жалға жиырма жыл мерзімге, яғни 1925 жылдан 1945 жылға дейін Үлкен және Кіші Сабалақ ауданында орналасқан 2500 десятин көлеміндегі жер телімін пайдалануға береді[4, 96-қ., 1-т., 2-іс., 1-п.]. Келісімшарттың 2-тармағында «Арендатор 1 наурыз 1926 жылдан кешіктірмей жер телімін пайдалануға кірісу керек. Олай болмаған жағдайда, белгілі бір себеп болмаса, жергілікті шаруашылық комитеті (Местхоз) келісімді бұзуға құқылы», - деп көрсетілді. Жергілікті шаруашылық комитеті жалға беріп отырған жер телімін арендатор жалдамалы жұмыс күшін пайдаланбай, 200 адамнан тұратын коммуна мүшелерінің күшімен өңдеуге міндетті болды. Арендаторға жалға алған жерге бау-бақша өнімдерін, егіс алқаптарына астық және мал азықтарын егуге мүмкіндік берді[5, 96-қ., 1-т., 2-іс., 2-п.]. Екінші жылы өндірістік жоспарда арендатор бау-бақшадан бөлек ауыл шаруашылығының әртүрлі саласына жердің көлемін белгілеуге міндеттелді. Өлбетте, жоспарға сәйкес келісімшарттар орындалмаса, мәселені шешу Жоғары Органдарға тапсырылатын болды.

Арендатор жер телімін пайдалануды жалға алу мерзімі аралығында ол жерде



суару, тазарту, участогтың ішінде жолдар салу және т.б. жұмыстарды жүргізуге тиісті еді. Арендатордың қаржысына су тартатын құбыр, каналдар мен құдықтарды салу қарастырылды. Сонымен қатар участогта орналасқан барлық құрал-жабдықтарды, ирригациялық жұмыстарды, істен шыққан құрылыстарды қалпына келтіру де арендатордың міндетіне жатты. Жеміс ағаштары мен басқа да жасыл желектерді суару, күтім жасау да оның құзіретінде болды. Ал оның барлығын қадағалау жергілікті шаруашылық комитетіне жүктелді. Местхоз арендаторларға егістікке тұқымдар мен қажетті малдарды беруге, ал арендатор жер участогын пайдаланғандығы үшін оған келесі көрсеткіште жалға алу құнын төлеуге тиісті болды[6, 96-қ., 1-т., 2-іс., 4-п.]:

А) алғашқы жылы жалға алушы жеңілдік ретінде көктемгі жалдау ақысынан босатылды.

Б) 1927 жыл 1 қазаннан 1932 жыл 1 қазанға дейін – 0,25 рубль алтынмен

1932 жылдан 1937 жылға дейін – 0,50 рубль алтынмен

1937 жылдан 1942 жылға дейін – 1 рубль алтынмен

1942 жылдан 1945 жылға дейін – 2 рубль алтынмен.

Егер де көрсетілген мерзімде жалға алу ақысын төлемесе мерзімі өткен әрбір күнге төленуге тиісті соманың $\frac{1}{2}$ % мөлшерінде өсімпұл төленеді.

Келісімшарттың 13-тармағында арендатор жерді жалға алған уақыт аралығында барлық мемлекеттік және жергілікті салықтарды төлеуге міндеттелді. Жалға алу міндеттерін мұқият орындаған жағдайда оған жалға алу ақысын ұзарту құқығы берілді. Әлбетте, местхоз қаланың қажеттілігі үшін (жол салу, қала құрылысы және т.б.) жалға алушының қарамағынан қажетті жерді алып қоюға құқығы болды. Десек те, местхоз өтем ақы ретінде басқа жер участогын тауып бермесе, арендатор келісімшарттың күшін жоюға құқықты еді. Келісімшартқа қатысты туындайтын барлық даулар местхоз орналасқан жердегі сот мекемелерінде шешілді.

Ортақ және соңғы шешімге келу мақсатында 1925 жылдың 4 желтоқсанында Қызылорда қаласында Уездік атқару комитетінің жергілікті шаруашылықтың қалалық бөлімі мен ҚазАКСР Сырдария губерниясының депутаттары атынан «Городместхоз» Басқармасының өкілі И.И.Ромин бір тараптан, екінші тараптан бірінші Австриялық Иммиграциялық «Ульфельд» Коммунасының өкілдері Карл Уля, Франц Ледль, Франц Брандитеттер және Елена Бежтак қатысқан төмендегідей келісімшартқа отырды[7, 96-қ., 1-т., 2-іс., 1-п.]:

1-бап. «Городместхоз» «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасына қаланың сыртындағы Сабалақ деген жерден 2500 десятина көлемінде 20 (жиырма) жыл мерзімге, яғни 1926 жылдың 1 қаңтарынан 1945 жылдың 31 желтоқсанына дейін жалға алу мақсатында жер телімін бөледі.

2-бап. «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасы өзіне берілген жер участогында бау-бақша өнімдерін егуге міндеттеледі.

«Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасының шаруашылықты ұйымдастыру жоспарында қарастырылады:

А) алғашқы бесжылдықта Казводхоздың басшылығымен жер участогының барлық ауданын суару.

Б) көкөніс және бақша өсімдіктерінің тұқымдарын егу.



В) сүт шаруашылығы.

Г) бау-бақша салу.

3-бап. «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасы жалға алған жер учасогын 1926 жылдың 1 наурызынан кешіктірмей себепсіз пайдаланбаса, «Городместхоз» коммунаың кінәсінен келісімшартты бұзуға құқылы.

Архив қорындағы құжаттардың анық емес немесе бояуының өшуіне байланысты кейінгі баптар, яғни 4,5,6,7,8,9 баптардағы жазулар мүлдем көрінбегендіктен қарап шығу мүмкін болмады. Сол себептен 3-баптан кейін бірден 10-бапқа көшуге тура келді.

10-бап. «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасы жер учасогын және барлық шаруашылықты жүргізген кезде келесі талаптарды орындауы тиіс:

а) ғимараттарды уақытылы жөндеу, көпір, машина және т.с.с. құрал-жабдықтарды мұқият ұстау;

б) учасогтен өтетін жалпы пайдаланылатын жолды мұқият ұстау;

в) жолда орналасқан белгілерге мұқият болу;

г) жалға алған жерден тыс орналасқан құдықтар, тоғандар және басқа да су қоймалары мен гидротехникалық құралдарға мұқият болу;

д) жалға алған учасогтегі жеміс және басқа да ағаштар мен бұтақтарды қорғау, олардың дұрыс өсуі үшін қажетті күтімді жасау, «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасына жеміс және басқа да талдарды кесуге тиым салынады;

е) кооперация арқылы ең алдымен астананың тұрғындарын өз өндірісінің азық-түліктерімен қамтамасыз ету.

11-бап. «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасына өз шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін «Городместхоз» көрсеткен орындардағы тек жердің үстіндегі құм, саз бен тасты пайдалануға рұқсат егіледі.

12-бап. «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасы жерді пайдаланған уақытта шаруашылыққа кеткен шығындарды, оның ішінде мемлекеттік міндеткерліктер мен салықтарды өтеуге міндетті.

13-бап. «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасындағы шаруашылық жұмыстар «Городместхоз» бен Уземуправленияның бақылауымен жүргізілетіндіктен, ол әр жылдың 10 қаңтарынан кешіктірмей «Городместхозға» белгіленген формада шаруашылықтың жағдайы туралы есеп беруге міндетті. Коммуна шаруашылықты кез келген уақытта «Городместхоз» бен Уземуправления өкілетті органдарының тексеруіне қарсылық көрсетпей, өз мүліктерінің тізбесін және жазбаларды тексеру үшін есеп-қисап кітабын беруі тиіс. Алайда жоғарыда айтылған өкілетті органдар шаруашылықтың басшылық істеріне араласуға құқықтары жоқ.

14-бап. «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасы егістік, шабындық жерлер, ормандар мен бақшаларда зиянкестердің пайда болғандығын Уездік жер Басқармасына, сондай-ақ ветеринарлық қадағалау орындарына жеткізуге міндетті.

15-бап. РСФСР-дің барлық заңдары мен әкімшілік тәртіптері және кейін де шығатын заңдар «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасының шаруашылық қызметтегі құқықтық жағдайын анықтайды және орындалуын міндеттейді.

16-бап. «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасы ауыл шаруашылық өндірісін рационализациялау мақсатында «Городместхозбен» алдын ала келісі отырып, өндіріске қажетті құрылғыларды алуға құқылы.



17-бап. Арендатор көрсетілген мерзімде жалға алу құнын төлемеген жағдайда «Городместхоз» заңды түрде арендалық келісімшартты тоқтатуға және жерді тартып алуға құқылы.

18-бап. «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасына тиеселі жерлердің жалға алу мерзімі өткеннен кейін «Городместхоз» қаланың қажеттілігі үшін (жол салу, қалалық құрылыс, магистральдық каналдарды жүргізу және т.с.с) ол жерлерді алуға құқылы.

19-бап. «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасы осы келісімшарт арқылы барлық міндеттемелерді орындаса, арендалық мерзімі өткен жағдайда оны әрі қарай созуға құқылы.

20-бап. Осы келісімшарт арқылы туындайтын барлық сот істері жалға алған жер участогы орналасқан орында қарастырылады.

21-бап. Осы келісімшартты рәсімдеудің барлық шығындары «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасының есебінен жүргізіледі.

22-бап. Келісімшарттың түп нұсқасы қалалық коммуналдық шаруашылықта (Горкоммунхоз), ал көшірмесі «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасында сақтаулы.

23-бап. Тараптардың заңды мекен-жайы: «Городместхоз» - Қызылорда қаласы. «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасы – Қызылорда қаласы, Сабалақ елді мекені, «Ульфельд» коммунасы. Сонымен 1923 жылы 16 желтоқсанда жоғарыда жасалған келісім-шарт иммиграция мен эмиграция бойынша Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің (Совет Труда и Обороны - СТО) тұрақты комиссиясымен бекітілді[8, 96-қ., 1-т., 2-іс., 7-п.8]. Аталмыш келісім-шартты КСРО-ның ОАК-і мен ХКК-нің келісімімен Қазақ АКСР-ның басшылары мақұлдап, 1925 жылы 21 желтоқсанда иммиграция мен эмиграция бойынша Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің (Совет Труда и Обороны - СТО) тұрақты комиссиясы Австриядағы КСРО-ның тұрақты өкілі Берзин жолдасқа «Ходоками австрийской иммигрантской коммуны «Ульфельд» (бывших участников и жертв мировой войны) 16 декабря подписан утвержденной комиссией СТО по Иммиграции договор с Кызылординским городским отделом местного хозяйства Казахской АССР, на аренду земельного участка около города в 2500 десятин» [9, 96-қ., 1-т., 2-іс., 10-п.], - деп хабарлады. Дегенмен де, КСРО-ға, яғни қазақ жеріне қоныс аудару және шаруашылықты ұйымдастыру туралы мәселеде коммунаның материалдық жағдайы әлсіз болды. Келісім-шартқа қол қояр кезде коммунада қолма қол ақша болмады. Олардың өтініші бойынша қаражатты коммунаға кіретін мүшелерден жинау көзделді. 1925 жылы 27 мамырдағы кассалық есептегі мәлімет бойынша жиналған ақша 65835 австриялық шиллинг немесе 18160 рубль Австриядан ауыл шаруашылық құралдарын сатып алуға жұмсалған. Сондықтан да, Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің (Совет Труда и Обороны - СТО) тұрақты комиссиясы КСРО-ға коммуна тобын қабылдауда «алғашқы кезде коммунада 40.000 рубль қолма қол ақша болуы» және де көрсетілген соммадан бөлек коммуна ауыл шаруашылық құралдарын сатып алу үшін 18.000 рубльді өзімен бірге алып келуді басты шарт ретінде қойды[10, 96-қ., 1-т., 2-іс., 17-п.]. Көрсетілген қаражат болмаған жағдайда коммуна тобына елге кіру визалары берілмеуі керектігі айтылды.



1926 жылы 1 сәуірде Австриядан 226 адамнан тұратын коммуна мүшелері Қызылорда қаласына келіп жетті. Кеңес қызметкерлері, жергілікті билік, Қызылорда қаласының тұрғындары австриялық қоныс аударушыларды жылы қабылдап, орналастырды. Алғашқы күннен бастап-ақ оларға коммунаны ұйымдастыруға көмектесіп, Қазақ АКСР үкіметі тарапынан жеңілдік шарттарымен жалға алатын участогты ұсынды. Қызылорда қалалық жергілікті шаруашылық бөлімі тиісті мекемелерден жеңілдетілген шарттармен егістікке арналған тұқымдар, жұмысшы және асыл тұқымды малдарды алуды ұйымдастырды. Су мәселесін шешу үшін Қазақ АКСР үкіметі коммунаға 30000 рубль несие бөлді. Негізінен алғанда қоныс аударушыларға үкімет пен жергілікті билік тарапынан бірқатар артықшылықтар мен жеңілдіктер жасалды. Олар алғашқы үш жылда жалға алу ақысынан, ауыл шаруашылық салығын төлеуден, кедендік баж салығынан, темір жол арқылы қозғалыс және мүліктерін тасымалдау мен т.с.с басқа төлемдерден де босатылды. 1926 жылы шілде айында коммунаға келген Австрияның елшісі Худечек жергілікті билік тарапынан коммунаға көрсетілген көмекке алғысын білдірді[11, 497-қ., 1-т., 4-іс., 10-п.].

Коммуна мүшелері Қазақстанда бірінші австриялық шаруашылық үлгілі көрсеткішті коммунаны құруға белсене кірісті. 1,5-2 ай ішінде олар ұзындығы 6 км. болатын магистральды суару каналын салды, 210 десятин жыртылмаған жерді арам шөптерден тазартты, 70 десятин жерге бидай, 70 десятин жерге картоп, 468 десятин жерге тары мен жоңышқа егіп тастады[12, 2 б.]. Үлкен құрылыс жұмыстары жүргізілді.

Австрия елшісі 3 ай бұрын келген коммуна мүшелерінің үлкен қиындықты еңсеріп, климаттық жағдайға қарамастан суару каналын салуын үлкен ерлікке теңеді. Десе де, қазіргі кездегі коммунадағы өткір мәселе, тұрғын үй мәселесі екендігін де атап өтті. Уақытша тұрғызылған барактар қысқы баспанаға жарамайтындықтан, қалалық құрылыс мекемесі тарапынан коммуна мүшелеріне тұрғын үйлерді салуға көмек көрсету қажеттілігіне де тоқталды. Оған жауап ретінде «Городместхоз» Басқармасының өкілі И.И.Ромин алдағы уақытта қалалық құрылыс мекемесі тарапынан инженерлер мен күйдірілген кірпіштер берілетінін, яғни құрылыс материалдарымен қамтамасыз етілгендігін, тек қана құрылыс алаңын таңдау керектігін хабарлады.

Коммуна мүшелерінің арасында уездің топырағының құнарсыздығы мен жарамсыздығы туралы сыбыстар шыға бастағандықтан елші мырза шаруашылық жерлерді қарап шыққаннан кейін ол сыбыстардың негізсіз екендігіне көзін жеткізді. Бірақ та соған қарамастан Қазақ су шаруашылығынан (Казводхоз) тәжірибелі агрономды алдырып, оған топырақты зерттеу тапсырылды. Ал күзге қарай коммуна 1000 түп жеміс ағаштарымен қамтамасыз етілетін болды[13, 497-қ., 1-т., 4-іс., 10-п.].

«Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасына қатысты архив қорындағы құжаттардан байқағанымыздай, кеңес үкіметі коммунаның қызметіне ерекше мән беріп, үкімет пен жергілікті билік тарапынан қолдауға ие болып отырған. Мәселен, Казнаркомземнан көктемгі-күзгі егістікте коммунаға жоғары білікті агрономды бекіту, коммунаны несиелендіруді Казводхоздың жоспарына енгізу, коммунаның территориясында орналасқан қазақтың қыстауларын Казнаркомзем



арқылы басқа жерге көшіруге қатысты іс-шараларды жүргізу, медициналық қызмет көрсету және т.б қызметтерді көрсеткен. Ал қыс мезгілі жақындағанда коммунаның барлық мүшелері тұрғын үйлермен қамтамасыз етілген.

Коммунаның өз жарғысы болды. Жарғының кіріспесінде «Благодаря гуманному духу правления СССР удалось свободному Союзу, в пределах советских законоположений, ссылаясь на полученную концессию на право эксплуатации отведенного участка, основать общественно-трудовую, сельскохозяйственную колонию «Ульфельд»[14, 497-қ., 1-т., 3-іс., 75-п.], - деп атап өтілді. Әрі қарай «Члены колонии клянутся всегда и при всяком случае строго следовать своему уставу и обязать своих членов подчиняться постановлениям советских законов, устанавливая следующими словами свой устав: §1. Свободно соединившиеся члены республиканского союза бывших участников и жертв войны, образуют настоящий союз под названием «Обще-рабочая трудовая сельско-хозяйственная имкоммуна «Ульфельд». Жарғыда коммунаның қызмет орны – ҚАКСР, Қызылорда қаласы, Сабалақ елді мекені деп көрсетілді[15, 497-қ., 1-т., 3-іс., 78-п.].

Архив қорындағы құжатта жарғының тек бір ғана беті сақталғандықтан, онда да сияның өшіріліп қалуы себепті қалған параграфтарды оқуға мүмкіндік болмады.

Жергілікті халық австриялық коммунаның қызметіне үлкен қызығушылық танытты. Еңбек адамдары коммунаға келіп, шеберхана жұмысының, суару станциясының, кірпіш заводының шаруашылықты жүргізу әдістерімен танысып, бірлескен жиналыстар мен кездесулер ұйымдастырды. Тек 1926 жылы 1 мамыр мен 15 маусым аралығында коммунаға 1379 адам келген[16, 2 б.]. Коммуна мүшелері өздерінің тәжірибесімен бөлісіп, дәріс оқып, сұхбаттар жүргізді. Жергілікті қазақ, орыс тұрғындарымен достық қарым қатынаста болды. Қазақ, орыс тілдерін үйрену үшін коммунада курстар ұйымдастырды. Мектеп құрылысының басталуына байланысты коммуна жергілікті тұрғындарға балаларын осы мектепке жіберуге болатындығын ескертті. Жақын орналасқан қазақ ауылдарынан 20 өтініш келіп түсті.

1894 жылы ең алғаш рет Қызылорда қаласының жер жоспарын зерттеу басталды. Сол жылғы мәлімет бойынша қаланың барлық жерлерінің көлемі 7120 десятин болса, тұрғылықты аудан шамамен 175 десятин еді. 1901-1904 жж. қаланың бір бөлігін жалға беру мақсатында жайылымдық жерлердің жоспары жасалды[17, 497-қ., 1-т., 4-іс., 38-п.]

Астананы Қызылордаға көшірместен бұрынғы қаланың тұрғылықты ауданы шамамен 90 кварталды (көлемі 175 десятин) құрады. Ал 1925 жылдың күзінен бастап жаңа жобалау жоспары бойынша қала құрылысына көлемі шамамен 40 квартал болатын 120 десятин жер бөлінді. Сабалақ елді мекені «Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасына берілді. Дегенмен де қаланың бірқатар жерлері судың болмауы немесе топырақ сапасының нашар болуына байланысты пайдаланылмай бос жатты. Суару жүйесі де жеткіліксіз еді. Бұрынғы уездік қала Перовскінің республиканың астанасы болуы себепті тұрғындардың саны өсіп, қаланың жылдам дамуына, тұрғылықты ауданның кеңеюіне қатысты жобалау жоспары қабылданды. Қаланы көгалдандыру, тұрғындарды бау-бақша өнімдерімен қамтамасыз ету жұмыстары қолға алынды. 1925 жылы қала тұрғындарының саны 10 мың адамнан аспайтын болса, бір жылдан кейінгі



көрсеткіш екі есеге өсті, яғни 20 мың адамға жетті [18, 497-қ., 1-т., 4-іс., 39-п.]. Қала тұрғындарының өсуі тұрғын үй, ауыл шаруашылық өнімдерін, дем алатын санаторий, курорт мәселелерін шешуді қажет етті. Климаттық ерекшеліктер тұрғылықты жерлерде көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге сұранып тұрды. Қызылорда қаласының айналасындағы жерлердің бірқатары құмды төбелер болды. Өмір сүруге қолайлы жерлер Сабалақ елді мекені мен Қатты-Көл көлінің айналасы еді. Аталмыш жерлердің бір бөлігі «Ульфельд» коммунасына берілді.

«Ульфельд» Иммиграциялық Коммунасының ғұмыры небәрі бір жылға жетер жетпес уақыт аралығы болды. 1927 жылы 27 наурызда коммуна мүшелерінің жалпы жиналысының қаулысы негізінде ҚазАКСР Халық Комиссарлар Кеңесі коммунаны жою туралы шешім қабылдады [19, 2 б.]. Архив қорындағы құжаттардан коммунаның таратылу себептеріне қатысты ешбір деректер табылмады. Бірақ та сол жылдардағы Австрия еліндегі ғана емес КСРО-ғы ішкі саяси жағдай тұрақсыз және қарама қайшылықтарға толы болды. Не де болса екі жүйенің теке тіресі бір жағынан, екінші жағынан кеңестік биліктің «Батысқа» сенімсіздігі мен қазақ өлкесінде басталған «тыңшылардан» тазарту науқаны коммунаның таратылуына әсер етпей қоймауы мүмкін емес.

Қорытынды

Қызылорда қаласындағы Австриялық Ульфельд коммунасының құрылу тарихы мен қызметі – ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы әлеуметтік-саяси үрдістердің айқын көрінісі ретінде тарихи маңызға ие. Бірінші дүниежүзілік соғыс тұтқындарының кеңестік кеңістікте қалып қоюы нәтижесінде қалыптасқан бұл ерекше құрылым – тек қана мәжбүрлі миграцияның нәтижесі емес, сонымен қатар, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу, қоғамдық өмірге араласу және жергілікті әлеуметтік-экономикалық даму үдерістеріне ықпал етудің мысалы ретінде қарастырылады.

Коммунаның құрылуы кеңестік идеология шеңберінде жүзеге асқанымен, оның қызметі тек идеологиялық шеңбермен шектелмей, нақты шаруашылық, мәдени және әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізген. Ульфельд мүшелерінің ауыл шаруашылығы, білім беру, құрылыс және өндірістік бағыттардағы белсенділігі Қызылорда өңірінің дамуына өзіндік үлесін қосып, ұлттар арасындағы өзара ықпалдастық пен түсіністіктің нығаюына септігін тигізді.

Коммунаның тағдыры кеңестік ішкі саяси трансформациялармен, атап айтқанда 1930-жылдардағы репрессиялық шаралармен тығыз байланысты. Соған қарамастан, Ульфельд коммунасы — әртүрлі этностар арасындағы бейбітшілік пен ынтымақтастықтың тарихи феномені ретінде ерекше назар аударуға лайық. Бұл зерттеу аталмыш коммуна феноменін тарихи-деректік тұрғыда талдай отырып, кеңестік кезеңдегі ұлттар қатынасы мен әлеуметтік интеграция мәселелерін тереңірек ұғынуға жол ашады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Века А.В. История России с древнейших времен до наших дней: учебник / А.В.Века. - Минск: Современный литератор, 2004. – 896 с.
- [2] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві. 96-қ., 1-т., 2-іс., 3-п.



- [3] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві, 96-қ., 1-т., 2-іс., 4-п.
- [4] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві, 96-қ., 1-т., 2-іс., 1-п.
- [5] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві, 96-қ., 1-т., 2-іс., 2-п.
- [6] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві, 96-қ., 1-т., 2-іс., 4-п.
- [7] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві, 96-қ., 1-т., 2-іс., 1-п.
- [8] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві, 96-қ., 1-т., 2-іс., 7-п.
- [9] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві, 96-қ., 1-т., 2-іс., 10-п.
- [10] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві, 96-қ., 1-т., 2-іс., 17-п.
- [11] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві, 497-қ., 1-т., 4-іс., 10-п.
- [12] Когут М. Из истории иммигрантской коммуны «Ульфельд» в Кызылорде / М.Когут // Кызылординские вести. –1994.- №32 (17). – С. 2.
- [13] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві, 497-қ., 1-т., 4-іс., 10-п.
- [14] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві, 497-қ., 1-т., 3-іс., 75-п.
- [15] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві, 497-қ., 1-т., 3-іс., 78-п.
- [16] Когут М. Из истории иммигрантской коммуны «Ульфельд» в Кызылорде / М.Когут // Кызылординские вести.- 1994.- №32 (17). - С. 2.
- [17] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві, 497-қ., 1-т., 4-іс., 38-п.
- [18] Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві, 497-қ., 1-т., 4-іс., 39-п.
- [19] Когут М. Из истории иммигрантской коммуны «Ульфельд» в Кызылорде / М.Когут // Кызылординские вести.- 1994.- № 32(17). – С. 2.

REFERENCES

- [1] Veka, A.V. (2004). Istoriya Rossii s drevnejshih vremen do nashih dnei [The history of Russia from ancient times to the present day]. Minsk: Sovremennyyj literator.[In Russian].
- [2] Qyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] 96-k., 1-t., 2-is., 3-p.
- [3] Qyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] 96-k., 1-t., 2-is., 4-p.
- [4] Qyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] 96-k., 1-t., 2-is., 1-p.
- [5] Qyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] 96-k., 1-t., 2-is., 2-p.
- [6] Qyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] 96-k., 1-t., 2-is., 4-p.
- [7] Qyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] 96-k., 1-t., 2-is., 1-p.
- [8] Qyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] 96-k., 1-t., 2-is., 7-p.
- [9] Qyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] 96-k., 1-t., 2-is., 10-p.
- [10] Qyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] 96-k., 1-t., 2-is., 17-p.
- [11] Qyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] 497-

k., 1-t., 4-is., 10-p.

[12] Kogut, M. (1994). Iz istorii immigrantskoj kommuny «Ul'fel'd» v Kyzylorde [From the history of the Ulfeld emigrant commune in Kyzylorda]. Kyzylorda jaňalyqtary - Kyzylorda news, №32(17), 2 b. [in Russian].

[13] Kyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] 497-k., 1-t., 4-is., 10-p.

[14] Kyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] 497-k., 1-t., 3-is., 75-p.

[15] Kyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] 497-k., 1-t., 3-is., 78-p.

[16] Kogut M. (1994). Iz istorii immigrantskoj kommuny «Ul'fel'd» v Kyzylorde [From the history of the Ulfeld emigrant commune in Kyzylorda]. Kyzylorda jaňalyqtary - Kyzylorda news, №32(17), 2 b. [in Russian].

[17] Kyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] 497-k., 1-t., 4-is., 38-p.

[18] Kyzylorda oblystyq memlekettik arhivi [Kyzylorda Regional State Archive] 497-k., 1-t., 4-is., 39-p.

[19] Kogut M. (1994). Iz istorii immigrantskoj kommuny «Ul'fel'd» v Kyzylorde [From the history of the Ulfeld emigrant commune in Kyzylorda]. Kyzylorda jaňalyqtary - Kyzylorda news, №32(17), 2 b. [in Russian].

Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р.

ИСТОРИЯ СОЗДАНИЯ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АВСТРИЙСКОЙ КОММУНЫ «УЛЬФЕЛЬД» В ГОРОДЕ КЫЗЫЛОРДА

Аннотация. В истории нашей страны, несмотря на то, что она уже более тридцати лет является независимым государством, еще есть белые пятна и неизученные факты. Специалистам-историкам необходимо вести исследовательскую работу в архивных фондах, выявлять документы, проливающие свет на такие факты, и подвергать их критическому анализу. Одним из вопросов, требующих изучения, является история создания и деятельность австрийской иммиграционной коммуны «Ульфельд», которая была основана в населенном пункте Сабалак, расположенном недалеко от города Кызылорда.

Вопрос о создании названной коммуны решался в Москве, а деятельность её осуществлялась на территории Казахстана. Коммуна, созданная из числа жертв первой мировой войны, просуществовала в Кызылорде всего один год. За этот год ими была восстановлена система орошения, выращены пшеница, картофель, просо, садовые культуры и проведены строительные работы.

В настоящей статье рассматривается история создания и деятельность австрийской иммиграционной коммуны «Ульфельд»: проанализированы материалы об истории создания коммуны, условия двустороннего соглашения, проблемы, связанные с размещением переселенцев. Также в статье рассматривается, какая помощь было оказана коммуне советскими властями.

Ключевые слова: Кызылорда; I мировая война; Австрия; договор; сельское



хозяйство; иммиграционная коммуна; переселение; земельный участок; продукция садоводства; аренда.

Azirbekova A.Zh., Abisheva Zh.R.

THE HISTORY OF THE CREATION AND ACTIVITIES OF THE AUSTRIAN COMMUNE "ULFELD" IN THE CITY OF KYZYLORDA

Annotation. In the history of our country, despite having been an Independent state for over thirty years, there are still blank spots and unexplored facts. Historians and researchers need to carry out investigative work in archival collections, identify documents that shed light on such facts, and subject them to critical analysis. One of the topics requiring further study is the history of the establishment and activities of the Austrian immigrant commune "Ulfeld", which was founded in the settlement of Sabalak, located near the city of Kyzylorda.

The issue of creating this commune was resolved in Moscow, while its activities were carried out on the territory of Kazakhstan. The commune, consisting of victims of the First World War, existed in Kyzylorda for only one year. During that year, they restored the irrigation system, cultivated wheat, potatoes, millet, and garden crops, and carried out construction works.

This article examines the history of the creation and activities of the Austrian immigrant commune "Ulfeld": materials on the history of the commune's establishment, the conditions of the bilateral agreement, and issues related to the resettlement of immigrants are analyzed. The article also discusses the assistance provided to the commune by the Soviet authorities.

Keywords: Kyzylorda; World War I; Austria; agreement; agriculture; immigrant commune; resettlement; land plot; horticultural production; lease.